

ҚАЗАҚСТАН
ТҮРМӨСІ

30 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
30 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛАДЫ



АСҚАРАЛЫ
АСУЛАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
30 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛАДЫ



АСҚАРАЛЫ
АСУЛАР

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ





ҚАЗАҚСТАН ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ



ЖАРМАХАН АЙТБАЙҰЛЫ ТҰЯҚБАЙ **Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры (1990—1995)**

1990 жылғы 7 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Жармахан Тұяқбай Бас Прокурор қызметіне тағайындалды.

Ол басшылық жасаған кезең ел тәуелсіздігінің қалыптасу жылдарымен тығыз байланысты. Бұл прокуратура органдарынан қалыптасып отырған жағдайда жылдам әрекет етуді, жұмыс форматын қоғамдағы өзгерістерге сай қайта қарауды, прокурорлық қадағалаудың неғұрлым озық әдістерін енгізуді және қолдануды талап етті.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатының төмендеуі, қылмыс пен жұмыссыздықтың өсуі

сияқты өтпелі кезең аспектілері жағдайды күрделендіре түсті.

Сол тарихи сәтте қуатты әрі тиімді мемлекет құру үшін заңдылықтың дәлме дәл және қатаң сақталуын қамтамасыз ету басты міндет еді.

Бұл факторлар 1992 жылғы «Прокуратура туралы» заңдағы және 1993 жылғы алғашқы Конституциядағы органның өкілеттіктерін реттейтін нормалардың мазмұнына тікелей әсер етті.

МАҚСҰТ СУЛТАНҰЛЫ НӘРІКБАЕВ **Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры (1995—1996)**

1995 жылғы 6 қазанда Президенттің Жарлығымен Мақсұт Нәрікбаев Бас Прокурор болып тағайындалды.

Сол жылы қабылданған Конституция прокуратура жұмысының тәсілдері мен оның қызметінің тұжырымдамасын өзгертуді талап етті.

Мемлекеттік мүдделерді қорғау мен өкілдік етуден басқа, прокуратура заңдылықтың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының басты кепілі болуы керек еді.

Сондықтан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау бөлімшелері құрылды, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімше қайта құрылды, прокуратура органдарын басқару аппаратының құрылымы өзгерді.

Штатты қысқарту есебінен облыстық прокуратура мәртебесіндегі Алматы, Тың, Батыс Қазақстан көлік прокуратуралары құрылды.

Тергеу жаңадан құрылған Мемлекеттік тергеу комитетіне берілді.



СТЕПАН ИВАНОВИЧ ШУТКИН **Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры (1996—1997)**

1996 жылғы қазанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Степан Шуткин Бас Прокурор болып тағайындалды.

Осы тарихи кезеңде қолданыстағы қылмыстық-құқықтық заңнамаларды түбегейлі қайта қарау қажеттілігі туындады.

Сондықтан Бас прокуратура тәуелсіз қазақ елінің алғашқы Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын әзірлеу бойынша ауқымды жұмыс атқарды.

Осы кезеңде Президенттің 1997 жылғы 22 сәуірдегі «Құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі

реформалау жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Ішкі істер, Әділет министрліктері және Мемлекеттік тергеу комитетінің ақпараттық статистикалық қызметтерінің негізінде Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылды.

Оған сот пен прокуратураның және барлық қылмыстық құдалау органдарының қызметі туралы құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу функциялары жүктелді.

Бұған дейін қылмыстың жай-күйі туралы мәліметтерді әрбір құқық қорғау органы дербес қалыптастырған болатын.

